

ЛЕГИОНЕРЛЕР ҮМІТТІ АҚТАҒАН ЖОҚ



Еліміздегі жоғары жетістіктер сапындағы ұлттық құрамаларға легионерлерді тартуға шек қойылмақ. Бүгінгі таңда Қазақстанда 14 футбол командасында легионерлер бар екен. Яғни, командаларда барлығы 325 ойыншы болса, оның 149-ы шетелдерден шақырылған футболшылар.

(Жалғасы 5-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)

БАСТАМА

СОТТАҒЫ АУДАРМА ҚЫЗМЕТІ МЕН ТӨЛЕМІНЕ ҚАТЫСТЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Соттағы аудармашылар қызметіне төленетін қаламақының аздығы біраз уақыттан бері талқы тақырыбына айналған еді. Көпшілікті алаңдатқан осы мәселеге қатысты оң өзгерістің орын алғанын айта кеткен артық болмас.

2024 жылғы 25 шілдедегі №601 Қазақстан Үкіметі бекіткен жаңа қаулыға сәйкес, аудармашы қызметіне ақы төлеу тәртібін реттейтін Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 25 ақпандағы №152 қаулысының күші жойылды.

Бұрын азаматтық істерге қатысатын аудармашыларға қазақ, орыс және басқа тілдерден Батыс Еуропа тілдеріне жазбаша жасалған бір беттік аудармасы үшін 5 АЕК; ал Батыс Еуропа тілдерінен қазақ, орыс тілдеріне жасалған бір беттік аудармаға 1/2 АЕК төленетін. Сондай-ақ

ауызша аударма үшін сағатына 1/10 АЕК қарастырылған еді.

Өз кезегінде, аудармашылар азаматтық істер бойынша төлемнің төмен құнына байланысты сот отырыстарына қатысудан бас тартатын. Мұның бәрі сот төрелігін жүзеге асыру сапасына теріс әсер етеді, істерді қараудың процестік мерзімдері созылып кетеді.

Енді Үкімет бекіткен жаңа ережеге сәйкес осы төлемдер көлемі толық өзгерді. Аудармашыға берілетін қаламақы мөлшері Үкіметтің 2014 жылғы 9 қазандағы №1070 қаулысына сай берілетін болды. Яғни, азаматтық істердегі аудармалар төлемі қылмыстық істердегі аударма төлемімен теңесті.

Жоғарыдағы қаулыда аудармашыларға сыйақы жазбаша аударманың 1 парағы (2000 белгіге дейін) немесе ауызша аударманың бір сағаты есебінен белгіленген болатын:

1) орыс тілінен қазақ тіліне (және керісінше) – АЕК-тің екіден бірінен аспайды;

2) батыс еуропа, түркі және басқа тілдерден орыс немесе қазақ тілдеріне (және керісінше) аудару – бір АЕК-тен аспайды деп айқындалды.

Жаңа төлемдер жүйесі аудармашылардың жұмыс жағдайын жақсартып, олардың сот процестеріне



Мадияр БҮРКІТ,
Қазақстан Республикасы
Сот әкімшілігінің Ақмола
облысы бойынша департаменті
басшысының орынбасары

не қатысуын ынталандырады деп күтілуде. Аудармашылардың сапалы қызмет көрсетуі сот төрелігінің әділдігі мен жылдамдығын қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Төлем алу тәртібі:
Аудармашылар төлемді сот шешімі негізінде алады. Ол үшін департаменттің қаржы қызметіне

төмендегі құжаттармен өтініш беру керек (іс жүзінде соттар өздері жібереді):

- аудармашының арызы;
- төлем туралы сот актісі;
- жеке куәлік;
- банктік шот нөмірі.

Қаржы қызметі соманы тексереді және ақшаны 10 жұмыс күні ішінде төлейді.

Ал біз өз тарапымыздан аудан әкімдері мен барлық мемлекеттік органдарға аудармашы болуға лайық үміткерлер туралы ақпарат жинау мақсатында хат жолдаған болатынбыз. Сонымен қатар, аударма бюроларымен байланысып, олардан үміткерлер тізімін жинадық. Бұл тізімдер аудандық соттарға жолданады. Осылайша, аудармашылардың қызмет көрсету сапасын арттыру және олардың санының жеткілікті болуын қамтамасыз ету жоспарлануда.

Аударма төлемдерінің өсуі осы саладағы мамандар үшін қосымша ақша табуға тамаша мүмкіндік екені даусыз.

4-бет



Мұраны қабылдау
реті

5-бет



Заңсыз көші-қонға
бақылау күшейеді

8-бет



Жебір

БАСҚОСУ

СӨЗДІК

«ҚАТЕЛЕР СӨЗДІГІ» –
САУАТТЫ ЖАЗУҒА БАҒДАР

«Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері» тақырыбында республикалық семинар өтті.

МАРАПАТТАУ РӘСІМДЕРІН
БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ТАЛҚЫЛАНДЫ



Екі күндік семинарға еліміздің барлық өңірлерінен мемлекеттік органдардың, сондай-ақ Ішкі істер министрлігі мен Сауда және интеграция министрлігінің өкілдері, Мәжіліс

депутаттары мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Іс-шараның басты мақсаты – мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық наградалар геральдикасын

талқылау, оларды насихаттау, ұлттық стандарттар мен заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ адал еңбек иелерін марапаттау рәсімін біріздендіру.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда геральдика мәселесіне бірнеше мәрте тоқталып өткен болатын. Мәселен, Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда өңірлік нышандарды жүйелеу мәселесін көтерсе, таяуда Бурабайда өткен жиында ведомстволық марапаттарды ретке келтіруді тапсырды.

Жиын барысында өңірлік нышандарды заң талаптарына сәйкес бекіту және оларды біріздендіру, мемлекеттік рәміздерге қатысты құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтап, тиісті шаралар қабылдау, мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі мен ұлттық стандарттардың сақталуы, сондай-ақ Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеу мәселелері талқыланды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес нормативтік құқықтық актілер қазақ және орыс тілдерінде әзірленуге тиіс екені белгілі. Талап орындалғанымен, НҚА мәтіндерінің қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаларында бір терминнің бірнеше терминнің баламасы ретінде қолданылуы, тілдік ерекшеліктің, тілдің ішкі мүмкіндіктерінің ескерілмеуі сияқты кемшіліктер анықталып жатады.

Заңнаманың осындай кемшін тұстарын еңсеру мақсатында жарық көріп жатқан Мақсұт Нәрікбаев университетінің ассистент-профессоры, заң ғылымдарының магистрі Сағидолла Баймұраттың «Қазақ-орыс заң сөздігі: заңнамадағы қателер мен түсіндірмелер» атты еңбегі заңнаманың қазіргі тілдік болмысын көрсетуге, яғни ағы мен қарасын ажыратуға арналған.

Автор еңбегінде сөз, термин қолданыстарына «ереже-мысал» келтіріп, дұрыс-бұрыстығын бағалаған. Сөздіктегі терминдердің қай НҚА-да кездесетіні, қазақ және орыс тіліндегі терминдердің әркелкі қолданыс саны да нақтыланып, көрсетілген. Жекелеген терминдерді комментарийсіз қалдырып, оқырманға пікір білдіріп, баға беруді ұсынған.

С. Баймұраттың «Қателер сөздігі» – заңнаманы қазақ тілінде әзірлеуге және сауатты жазуға бағдар беретін жаңа форматтағы бірегей ғылыми еңбек, кәсіби маманның бірнеше жылдық жұмысының өнімді нәтижесі. Бұл – заңнама



тілін, терминологиясын дамытуға қосылған соны үлес. Сөздік заң саласындағы жоғары оқу орындары мен заң факультеттерінің студент, магистрант, докторанттарына, заңгер, тіл мамандары мен аудармашыларға арналған.

Ұлбала ӘЛІШЕВА,
«Заң газеті»

МҰРАГЕРЛІК

2. 13.10.2024 жылы Ажибаева Мейрамкуль Мусаевнаның қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус А.С.Жанакулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер, тел. 87052700001.

6. 2024 жылдың 20 қазанында қайтыс болған Есентаев Ғалымжан Рахматуллаұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

10. 2024 жылдың 28 қыркүйегінде қайтыс болған азамат Қуспанов Қужағалий Кажимовичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін, Атырау қаласы, Авангард-3 шағын ауданы, 75-үй, 5-кеңсе бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

ЖОҒАЛТУ

20. «Актобеоргсинтез» ЖШС-нің БСН 010540009805 (РНН 061800105242) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ТАРАТУ

3. «Aport Distribution» ЖШС (БСН 150340019972) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Ратушной көшесі, 16-үй, тел. 87715070059.

7. «Astana Tower's Coffees» ЖШС (БСН 160240012913) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды (құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімі «Astana Tower's Coffees» ЖШС 31.12.2024 ж. №8). Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Самал шағын ауданы, 12-ғимарат, тел. 87017297248.

8. «Tengri Mining» ЖШС (БСН 241140033289) Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық ауылдық округі, Балпық би ауылы, И.Ша-

дрин шағын ауданы, 5-үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық ауылдық округі, Балпық би ауылы, И.Шадрин шағын ауданы, 5-үй, 1-пәтер бойынша қабылданады. Тел. 87771275111.

11. «БК СУНКАР» ЖШС (БСН 231040014079) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 133-ғимарат.

13. «Экологический Технологический Центр» ЖШС (БСН 050340005812) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Назарбаев даңғылы, 216-үй, 13.

14. «БатысТехМаш» ЖШС (БСН 130640004298) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Гагарин көшесі, 97-үй, 5-кеңсе.

15. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім бөлімі» ММ Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім бөлімінің Павлов бастауыш мектебі» КММ-нің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл ауылы, Абай көшесі, 70, телефон 8(71444)24235, ЖСН: 020740002301.

16. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім бөлімі» ММ Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім бөлімінің Ресей бастауыш мектебі» КММ Ұзынкөл ауданының Мүсірепов көшесі, 16 ғимаратының таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл ауылы, Абай көшесі, 70, телефон 8(71444)24235, ЖСН: 970240002073.

18. АҚ «Региональный центр государственно-частного партнерства Карагандинской области» (БСН 100140000945) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қазыбек би атындағы ауданы, Алиханов көшесі, 13, тел. 87212506699 (вн. 6262).

19. «AG Финанс Кредит – Ломбард» ЖШС (БИН 180740032820) микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясының

қолданылуын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігіне ерікті түрде жүгінетіні туралы хабарлайды. Лицензия нөмірі № 06.21.0003.Л, 24.02.2021 жылы берілген.

ӨРТУРАІ

4. «ЛОМБАРД-ПАРТНЕР» ЖШС (БСН 030740005764) жарғылық капиталдың 50 000 000 (елу миллион) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Степной 3 шағын ауданы, №8, №8 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 87053222313.

5. «Қазсушар» РМК Қостанай филиалы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 4 қарашадағы бұйрығына сәйкес 262-НҚ нөмірі 2025 жылғы 19 наурыздағы бұйрыққа сәйкес 2025 жылғы 1 сәуірден бастап 1,82 теңге/текше м (ҚҚС-сыз)мөлшерінде тірек гидротехникалық құрылыстардың көмегімен ағызу 74-НҚ нөмірі жер үсті экономикасын реттеу жөніндегі қызметтерге тарифтің енгізілгені туралы хабарлайды.

9. Алматы қаласы, Алатау аудандық сотымен, Сергей Геннадиевич Юштаның арзыы бойынша, 1947 жылдың 21 ақпанында туылған Геннадий Алексеевич Юштаның қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды. Осыған орай, хабарлама жарыққа шыққан күннен бастап үш ай ішінде, 1947 жылдың 21 ақпанында туылған Геннадий Алексеевич Юштаның қай жерде жүргені жайлы мәліметке ие тұлғалардан, Алматы қаласы, Алатау аудандық соты, мына мекенжай бойынша хабарлауын өтпеміз: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Шаңырақ-2 ықшам ауданы, Жанқожа батыр көшесі, 26/1 үй, тел. 87772066156.

12. 2025 жылғы 27 наурыздағы Қарағанды облысының СІМЖ анықтауымен «Найдоровское» ЖШС-де (БСН 000440005381) оңалту рәсімі басталды. Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Ақпан ауылы, Нижняя көшесі 2/1.

17. Атырау-Жас отау» ЖШС (БСН 130140008361) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: 060010, Атырау қаласы, Нұрсая ықшам ауданы, Т.Жұмағалиев көшесі, 21-үй, 2-кеңсе.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультеті кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының ұжымы осы кафедраның доценті, заң ғылымдарының кандидаты

ҚУАНДЫҚОВ
Қалдарбек Жүнісбайұлының

мегізгісіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтады.

ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН
ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.